Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қайталама қорытынды

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(білім беру ұйымының атауы)

Ақтөбе қаласы

(қорытынды жасалған жер)

«10» желтоқсан 2021жыл,
17 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі - Бағалау критерийлері) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2021 жылғы II жарты жылға бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2021 жылғы 30 қыркүйек пен 5 қазан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып 13.10.2021 жылғы №235 н/қ бұйрықпен кемшіліктерді жою туралы қорытынды берілген. 2021 жылғы 08 - 10 желтоқсан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген қорытындыдағы бұзушылықтарды жою туралы 06.12.2021 жылғы №34 хатпен ұсынған есебі келесі құрамдағы комиссиясымен қаралды:

1.Мухамбеталина Жанар Тыныштыковна – Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары, комиссия төрағасы;

2. Ещанова Тарбия Сейтжановна - Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №32 «Қуаныш» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері, комиссия мүшесі;

3.Малаева Гульжан Абдировна - Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №6 «Орман ертегі» балабақшасының әдіскері, комиссия мүшесі;

Комиссиямен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

2. Оқу нәтижесіне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:	
2)	**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:** **Талдау нәтижелері:** Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделгені анықталды. Педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауға қатысты семинарлар, кеңестер, іс-шаралар жоспарланған. Өткізілген шаралардың материалдары (жоспары, бейнеконтент) жалғанған. Тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасау бойынша балабақша психологы Г.Смагуловаңың жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Зерделеу барысында психолог тарапынан атқарылған жұмыстар материалдарымен танысу жүргізілді. Анықталғаны: тәрбиеленушілермен жүргізілген жеке жұмыстар, диагностикалық карталар, психологиялық даму жеке картасы жинақталған. Ата-аналар мен педагогтарға психологиялық кңестер ұмсынылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы жоспарланып, өткізілген. «1 қыркүйек-Білім күні» шарасы, «Алтын күз» ертеңгілігі, ертегі сахналау материалдары ұсынылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша бейнесабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі жастағы аралас топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру жасалған. ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары жа ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылады. Ортаңғы топта өткізілген «Таным» білім саласының «Жаратылыстану» ҰОҚ «Бөлмс өсімдіктері» тақырыбындағы оқу қызметі 15 минут ұйымдастырылды. Аралас топ балаларына жеке

	қабілетіне, деңгейіне сәйкес дамытушылық ойын тапсырмалары ұсынылды. Ұсынылған материалдар негізінде шығармашылықты, коммуникабельділікті, сыни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында 4 К моделіндегі дағдылар ойын тапсырмаларында қарастырылған және циклограммаға енгізілген, толықтырулар жасалып, бұзушылықтар жойылғаны анықталды. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Туған өлкем-Қобда» тақырыбында көрме, «Ұлттық аспаптармен таныстыру» тақырыбында Қобда өнер мектебінің ұстаздарымен кездесу, Қобда аудандық мұражайы туралы жылжымалы папкалар жасақталған және ұлттық құндылықтарды насихаттауға негізделген шаралар ұйымдастырылған. Күн тәртібі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған. Материалдары ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 5-тармағының 1), 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымшасының 1 тарауының 7 тармағы талаптарына сәйкес келеді.
3)	**МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру** **Талдау нәтижелері:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бойынша білім беру салаларына жүргізілген зерделеу барысында анықталғаны: 1.«Денсаулық» білім беру саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған, қажетті жағдайлар жасалған (заманауи спорттық құралдар, дөңгелек шарлар, кубиктер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, қимылды ойындар, шаңғы жиынтығы) және жинақталған; 2.«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, сюжетті рольді ойындар толық жинақталған (дәріхана, құрылысшы, шаштараз, отбасы, дүкен рольдік ойындар); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бойынша «Денсаулық» және «Қатынас» білім беру салаларына қатысты бұзушылықтар жойылған.

	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тарауының 8-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1- қосымшасының 1 тарауының 3 тармағы талаптарына сәйкес келеді.
5)	**Баланың ерекшеліктерін ескере отырып, Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.** **Талдау нәтижелері:** аталған өлшемшарттар бойынша ұсынылған материалдарды зерделеу келесіні көрсетті: 2021-2022 оқу жылына оқу бағдарламасы құрылып, бекітілген. Алайда, осы оқу жылында инклюзивті білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші тіркелмеген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан №604 бұйрығының 1 қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді.
6)	**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.** **Талдау нәтижелері:** Білім беру ұйымының зерттеуге мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Тәрбиеленушілердің жеке даму картасында топтағы барлық балалардың бастапқы бақылаудан кейінгі денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеумет білім беру салалары бойынша мәліметтер ұсынылған. Педагогтар диагностиканың әрбір кезеңінен кейін баланың жеке даму картасында педагогикалық үдерістің міндеттерін айқындаған. Баланың жеке даму картасында білім беру салалары, бақылаудан кейінгі түзету іс-шаралары көрсетілген. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарлары жасалған. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін тәриеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Бастапқы бойынша 1-деңгей 8 %, 2-деңгей 36 %, 3-деңгей 55% көрсеткен. Баланың жеке дамуын жоспарлауға негіз болатын оқыту нәтижелері жасалған. Оқыту нәтижелері бойынша кемшіліктер жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

	№ 604 бұйрығы 1-қосымша 2-тарау 7-тармақ, 4-тарау 16, 17-тармаққа сәйкес келеді.
7)	**"Денсаулық"," Коммуникация"," Таным"," Шығармашылық"," Социум "білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.** **Талдау нәтижелері:** Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз ету шаралары алынған. Зерделеуге ұсынылған перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар циклограммадағы өтпелі тақырыптарға сәйкестендіріліп, толықтырылған. Оқу қызметін ұйымдастыру барысында саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері жоспарланған және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа алу жұмыстары жүргізілген. Орын алған кемшіліктер жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тарауының 8-тармағына сәйкес келеді.
8)	**Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы.** **Талдау нәтижелері:** Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы: Зерделеу материалдарында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген 2016-2017, 2017-2018 оқу жылындағы материалдары жинақталып, ұсынылған. Ағымдағы оқу жылының мониторинг көрсеткіші **2021-2022 оқу жылындағы кіші топ**

Бала саны	Кезеңдері	Денсаулық	Комму-я	Шығар-қ	таным	әлеумет	Ортақ көрсеткіш
3	Бастапқы	III деңгей	II деңгей	II деңгей	II деңгей	III деңгей	II деңгей
	Аралық						
	Қорытынды						

2021-20212оқу жылындағы Ортаңғы топ

Бала саны	Кезеңдері	Денсаулық	Комму-я	Шығар-к	таным	әлеумет	Ортақ көрсеткіш
2	Бастапқы	III деңгей	II деңгей	II деңгей	II деңгей	III деңгей	II деңгей
	Аралық						
	Қорытынды						

2021-2022 оқу жылындағы Ересек топ

Бала саны	Кезеңдері	Денсаулық	Комму-я	Шығар-к	таным	әлеумет	Ортақ көрсеткіш
3	Бастапқы	III деңгей	II деңгей	II деңгей	II деңгей	III деңгей	II деңгей
	Аралық						
	Қорытынды						

Білім беру салаларындағы ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік дағдылары үлгілік оқу бағдарламасына күтілетін нәижесіне сәйкес I, II, III деңгейлермен көрсетілген. Ұсынылған материалдар бойынша ортақ көрсеткіш әр топтардағы тәрбиеленушілердің біліктілік дағдылары II деңгейде екендігін анықтаған.

Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы талабы бойынша бұзушылықтар жойылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 1 қосымшасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тараудың 7-тармағы және 4- тарауының 16 және 17 тармақтарына сәйкес келеді.

3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

2) Оқу тілдеріндегі апталық оқу жүктемесін сақтау.

Талдау нәтижелері:

Балабақша ұсынған материалдарды зерттеу нәтижесінде, 2021-2022 оқу жылына бекітілген перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар циклограммамен сәйкес келеді.

	Оқу жүктемесінде «Жаратылыстану» оқу қызметі 1 сағат, «Орыс тілі» оқу қызметі 0,5 сағат жүктемемен жүргізіліп отырғаны анықталды. 2021-2022 оқу жылы бойынша балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру циклограммасын (қағаз түрінде ұсынылған) тексеру барысында ортаңғы және ересск тобында күн тәртібіне сәйкес уақытымен көрсетілген. 2021-2022 оқу жылының оқу және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда Әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынған. 4к моделіндегі дағдыларды қалыптастыру мақсатында өткізілетін ойын тапсырмалары қолданылуы жоспарланған. Оқу тілдеріндегі апталық оқу жүктемесі сақталған, бұзушылық жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 1) тармақшасы, 10-тармағы 4) тармақшасы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы 1-қосымшасына сәйкес келеді.
4.	**Оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар**
1.	**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік білім беру стандартына 2 -қосымшаға сәйкес балалардың туылған кезінен бастап 1 -сыныпқа дейінгі дағдылары мен дағдыларының тізімін меңгеру үшін оқу нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.**
	Талдау нәтижелері: Ата - аналардан немесе тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінен сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін ересектер тобы тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен сауалнама өткізілген. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны- 3. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын сауалнамаға қатысқан ата-аналар (заңды өкілдер) 90 %-дан кем емес, яғни 100 %- ды құрайды. Ересектер тобындағы сауалнама бойынша 3-ата-ана қатысып,толығымен келісемін-100 % құраған. МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер 50 %-дан кем емес.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 20-тармағына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім

	және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы 2-тарау 4-тармақ 6) тармақшаға сәйкес келеді.
5. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:	
1)	**МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру.**
	Талдау нәтижелері: Балабақша тарапынан ұсынылған әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдарына талдау жасалды. Ұсынылған бейнематериалдарда оқу қызметінің атауы, кандай жас тобына арналғаны көрсетілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары негізінде күтілетін нәтиженің оқу мақсатына сәйкестігі байқалды. Ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізу ұзақтығында баланың жас ерекшелігі ескерілген. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша «Дене шынықтыру» оқу қызметі «Доппен жұмыс», «Әлеумет» білім беру саласы бойынша «Сиқырлы тамшылар» ұйымдастырылған оқу қызметі, «Қатынас» білім беру саласы бойынша «Жыл езгілдері» жүргізілді. Оқу қызметі тәрбиеленушінің қызығушылығына негізделген, ұйымдастырылған оқу қызметінің әр кезеңінде педагогтар балалардың белсенділігін арттыруға жұмыстанады. ҰОҚ барысында өткізілген ойын, тапсырмалары баланың жас ерекшелігіне сәйкестендіріліп, алынған. Ұсынылған материалдарды тексеру нәтижесінде бейнесабақтардағы ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы әр тптарғы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес сақталған. Осылайша, оқу қызметінің ұзақтығы талаптары бойынша бұзушылықтар жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 15-тармағына сәйкес келеді.

2)	**Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау (қорытынды).** **Талдау нәтижелері:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барысында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттер дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілген. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған.Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолдануы үш деңгей арқылы бағаланған (бірінші, екінші және үшінші). Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 8-қосымшасына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі ұсынылған. Ұсынылған тізбеде балалардың саны, жас ерекшелігі және дағдыларды игерген балалар саны (%) көрсетілген. Тізбедегі көрсеткіштер негізінде кіші топтағы тәрбиеленушілер көрсеткіші 33-100%, ортаңғы топ пен ересек тобы тәрбиеленушілерінің көрсеткіші 50-100% аралығындағы білім, білік дағдыларын көрсеткені анықталды. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау (қорытынды) талабы бойынша бұзушылықтар жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 7 тармағы, 4 тараудың 17 тармақтары талаптарына сәйкес келеді.
6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар	
1)	**Жас кезеңділігін сақтау және бір жастағы немесе әр түрлі жастағы принцип бойынша топтарды іріктеу** **Талдау нәтижелері:** Өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында бала санының азаюына байланысты тәрбиеленушілер әртүрлі жастағы топтарға жинақталған. 2021-2022 оқу жылында I кіші тобына 2-3 жастағы 3 бала, ортаңғы тобына 4 жастағы 2 бала, ересек тобына 4-5 жастағы 3 бала жинақталған. 2021-2022 оқу жылында оқыту мерзімдері мен жас кезеңдері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 22-тармағының

	талаптары орындалған. Топтың толымдылығы мен жас ерекшеліктері сақталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1 - қосымша 22-тармағына сәйкес келеді.
2)	**Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау** **Талдау нәтижелері:** Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау және шығару білім беру ұйымы басшысы тарапынан бұйрық арқылы жүзеге асырылған. Білім беру ұйымындағы балалардың қозғалысы ақпараттық жүйеде тіркелген. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару барысында балалар үлгілік оқу бағдарлмасын игергендігі мониторинг барысында айқындалған, бұзушылықтар жойылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1 - қосымша 22-тармағына сәйкес келеді.

ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ: «Ақтөбе облысының білім басқа рмасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бұзушылықтар жойылған, білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай комиссиясының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі **«Аттестатталды».**

«10» желтоқсан 2021 жылғы комиссияның №1 хаттамалық шешімі.

Комиссия төрағасы **Ж.Мухамбеталина**

Комиссия мүшелері Т.Ещанова

Г.Малаева